

6D011300 –«Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Салыбекова Нурдана Нуртаевнаның «Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшісі педагогика ғылымдарының докторы, профессор Шілдебаев Жұмаділ Байділдаұлының

### ШКІРІ

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты шығармашыл, белсенді, зерттеушілік, әдістемелік тұлғалы, алған білімін практикада қолдана алатын бәсекеге қабілетті маман дайындау. Нәтижеге бағытталған білім моделі аясында аталған өлшемдерге жауап беретін жаңа формация мұғалімдерін даярлау жоғары педагогикалық оқу орындарының алдындағы кезек күттірмес міндет. Бұл міндеттерді шешу болашақ биолог мамандарын дайындауда ғылым, білім беру үдерістерін сабақтастыра ғылыми-зерттеу нәтижелерін қолдану, инновациялық технологияларға негізделген оқыту әдістерін қолдану маңызды болып табылады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, докторант Салыбекова Нурдана Нуртаевнаның таңдап алған тақырыбы қоғам талабынан туындап отырған мәселеге арналған.

Ізденуші зерттеу барысында ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Педагогикалық жоғары оқу орындарында биология мұғалімдерін дайындауда отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың философиялық, педагогикалық, психологиялық зерттеулеріне жан-жақты талдау жасаған. Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелерін оқу үдерісінде қолданудың әдістемесін ұсынып отыр.

Болашақ биология мұғалімдерінің даярлықтарын жетілдірудегі ғылыми-теориялық ақпараттар: көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу, *Alternaria brassicae* (Berk.) Sacc., *Fusarium equiseti* (Corda) Sacc., *Alternaria alternata* (Fr.) Keissl., *Penicillium aurantiogriseum* Dierckx түрлерінің таксономиялық орнын анықтау мақсатында молекулалық-генетикалық зерттеу әдістерін қолдана отырып, филогенетикалық талдаулар жүргізген. Саңырауқұлақ түрлеріне қарсы күресу шараларын жасауда фунгицидтермен қатар эфир майларының тежегіштік қасиеті анықталған. Көкөніс тұқымдарының көктемгі микрофлорасы анықталып, көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің (55 түр) зардаптаушылық қасиеттері зерттелген.

Зерттеу нәтижелері негізінде элективті пән бағдарламасы мен оқу-әдістемелік нұсқаулық дайындап, көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктері материалдарындағы білімгерлердің ғылыми-жобалық жұмыстарын жүргізудің әдістемесін жасаған. Оның тиімділігін тексеру барысындағы алған мәліметтері жоғары оқу орындары тәжірибелерінде пайдалануға болады.

Диссертацияның мазмұны, құрылымы, ғылыми аппараты логикалық байланысқан, тақырыпқа сай. Кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды мен ұсыныстардан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Бұл бөлімдер зерттеу мәселесіне байланысты қойылған мақсат пен міндеттердің мазмұндық сипатын ашады.

Диссертациялық жұмыс жоғарғы оқу орнында мамандарды кәсіби дайындау сапасын жетілдіру жолдарын іздеу арқылы оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін енгізу, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа формаларын құру, оқытудың жаңа құралдарын қолдану сияқты ғылыми-техникалық үдерістің зор мүмкіндіктері бар екендігін айқындай түседі.

Н.Н.Салыбекованың ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық конференциялар мен ҚР жоғары аттестациялық комитет тізіміндегі басылымдарда жарық көрген.

Қорыта келгенде, Н.Н.Салыбекова еңбекқорлығымен, ізденімпаздығымен, зерттеушілік, әдістемелік білімін үнемі жетілдіріп, құзыретті маман ретінде танылды.

Сондықтан, Салыбекова Нурдана Нуртаевнаның «6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі» атты диссертациялық жұмысын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанынан құрылған 6D010000 – Білім беру (жаратылыстану ғылымдары) мамандықтары бойынша диссертациялық Кеңесте қорғауға лайықты деген пікір білдіремін.

**Пікір беруші:**  
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы**



Қол қойған: **Ж.Б. Шілдебасев**  
Қолы: \_\_\_\_\_  
Ведпись: \_\_\_\_\_  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Кадр бөлімінің бастығы  
Начальник отдела кадров  
КазНПУ имени Абая